



Журналимның
түрбіне
теңіз бойына...

قازاق اقدىق ايسى ايمىم قونامىس
اوعلى نىلك اولانكى

بىلىنغان كلكتىن تىزىم تىزىمى اومىلارنى

•••••

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



Жүрегімнің
түбіне
терең бойла...

(Абай туралы естеліктер)



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1995

ББК 83. 3 Каз.
Ж 88

Алғы сөзін жазған
С. Қирабаев.

Редакторы
М. Есламғалиұлы

Шығарушылар алқасы: *З. Ахметов, С. баев, М. Мырзахметов, Т. Ибрагимов, Қ. медханов, Ж. Ысмағұлов, Б. Байғалиев* (І тырушы және жауапты шығарушы).

Ж 88 **Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай ту естеліктер)** — Алматы: Жазушы, 1995,—296 бет

Ұлы адамдардың әр ісі, әр мінез-құлқы — кейінгі ұрпақ тек танымдық дүние ғана емес, аңсап, сусап оқитын, тәрбиелік өнеге, өлшеусіз ғибрат. Ұлы Абай өмірі — осы сөздің айшықты ақиқаты. Көсем сөз, кемеңгер ой месінің тіршілік еткен ортасы жайында біз бұрын газет-журнал, үзіп-жұлып, қысқа-қысқа естеліктер ғана оқып отырушы. Көкірегінде игілік пен ізгіліктің ұшқыны бар адам үшін жинақтың маңызы ұшан-теңіз. Өйткені, бұл — сара сөздің сара көсем ойдың кемеңгері Абайдың өмірі жайындағы алғаш отырған естелік кітап.

Ж $\frac{4702250201-007}{402(05)-95}$ 5—95

ISBN 5-605-01575-3

ББК 83. 3

© «Жазушы» баспасы

АБАЙ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Ақын-жазушының өмірі мен шығармашылық жолын, көзқарасын зерттеуге, адамдық қалпын, тұтас тұлғасын түсінуге мол мәлімет беретін саланың бірі — олар жайлы естеліктер. Мұндай естеліктер, әдетте, ақынмен тұтас өмір сүрген, араласқан, көрген адамдардың есте қалған әңгімелеріне сүйеніп жазылады. Соларға қарап кейінгі ұрпақ, әсіресе, зерттеушілер, өнер адамының туып-өскен ортасы, үлгі алған мектебі, қоғамдық және әдеби-әстетикалық көзқарасының қалыптасуы, шығармаларының жазылу тарихы, өз басының азаматтық, адамгершілік қасиеттері, мінез-құлқы жайлы пікір түйіндейді, сол негізде оның тұлғасын толықтырып жетілдіреді.

Абай жайлы естеліктер қалдырған адамдар бұл күнде арамызда жоқ. Олардың көбі — бұл естеліктер қағазға түскен кездің өзінде ұлғайған адамдар. Оның үстіне жазу-сызу дәстүрінен аулақ, қарапайым ауыл адамдары. Соларды іздестіріп тауып, Абаймен қарым-қатынаста болған, кездескен кездерінде болған әңгімелерін тыңдап, оны қағазға жазып қалдыруды ұйымдастырған, негізінен, Мұқтар Әуезов болатын. Жасынан сол ортада өсіп, құлағы Абай сөздеріне қанық болған, болашақ ұлы жазушы шығармашылық өмірінің алғашқы кезеңінен бастап, ақын жайлы мәліметтерді көп жинаған, қарастырған. 1924 жылы Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына арнап Семейде кеш өткізу ісіне мұрындық болған ол сол кеште Абай замандастарына естеліктер айтқызыған. Көкбай, Тұрағұл естеліктерінің алғашқы ауызша айтылған нұсқалары сол

кеште туған. Мұқтар кейін сол кісілерден айтқандарын қағазға түсіруді сұрап, қандай нәрселерге қоңіл болуін түсіндірген. Тұрағұл естелігінің кіріспесінде айтылатын «Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа менің әкемнің жалпы мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін я қуанған, я ашуланғанын жазбағы қажет екен» — дейтіні де сондықтан.

Ал, Қокбай естелігін ауру себепті түгелдей қағазға түсіріп бере алмағанға ұқсайды. Оның кейбір тұстарын Мұқтар өзі жазып алып жариялаған. (Абай шығармаларының 2-томы, 194-б). Бұл естеліктерде берілетін кейбір деректерді Мұқтар ақын өмірбаянын жазу тұсында пайдаланған. Бұлармен қатар 20—30 жылдар ішінде Абайды көрген, білген адамдардан да бірсыпыра естеліктер жазылып алынған. Олардың ішінде Абай жақындарынан Уасиладың, Камалияның, тұстас ел адамдары Мүсірәлінің, Хасеннің, Стамбектің, Дәулетиярдың, Төлеу ақынның, тағы басқалардың естеліктері бар. Бұдан кейінгі жылдарда да естеліктер тобы әр кезде өткен Абай мерейтойларының тұсында жазылған жаңа материалдармен толығып келеді. 1958 жылы Әрхамның (Ысқақтың Кәкітайының баласы) естелігі жазылды. Бұл естеліктің кейін жазылғандықтан біраз оңдеуден өткені, бұрынғы уақиғаларға кейінгі кездің көзімен қарауға құрылғаны байқалады. Дегенмен, ондағы тарихи деректер шындығы дау тудырмайды.

Атап айтарлық бір нәрсе — бірен-сараны болмаса бұл естеліктердің көбі ұлғайған адамдардың айтуы бойынша, әркімнің қолымен қағазға түскен. Сондықтан айтылатын әңгімелердің негізгі шындығы біреу бола тұрса да, текстік редакциясы әртүрлі болып кездеседі. Мерзімді баспасөзде де әртүрлі нұсқадағы естеліктер жиі басылады. Мұндай текстік алақұлалық оларды жариялау тұсында да қиындық келтірмей қалған жоқ.

Бұлардың үстіне ақын туралы ел аузында сақталып, біразы аңызға айнала бастаған әңгімелер де мол. Олар да әр кезде қағазға түсіп, Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтерді толықтыруға қызмет етуде.

Ақын жайлы осындай мол материал тұтас күйінде кітап бо-

лып баспа бетін көрген емес. Үзіп-жұлып газет-журнал беттерінде немесе қысқартылып Абай шығармаларына қосымша күйінде жарық көргені болмаса, өз алдына бөлек жарияланбаған. Оған 20—30 жылдардағы Абайға деген көзқарастың тұрақсыздығы, кейбір естелік авторларына деген сенімсіздік, тағы басқа жағдайлар себеп болғаны даусыз. Аталған естеліктердің толық нұсқалары Семейдегі Абай музейінде, Ұлттық Ғылым Академия кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталып қалған. Әдеби мұраның бұл саласына көңіл аударудың мүмкіндігі енді ғана туды. Сондықтан Абайдың туғанына 150 жыл толуы мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімі оқырмандарға осындай жинақ ұсынуды қажет деп тауып отыр.

Бұл естеліктер ішінен Тұрағұлдың, Әрхамның, Көкбайдың естеліктері сияқты материалдардың Абайтану үшін айрықша маңызы барын атап айтқан жөн. Абайдың жақын адамдары есебінде олар ақынның балалық, жастық шағына, шыққан ортасына, мінез-құлқына, жазу дағдысына, ағартушылық көзқарасы мен халықпен қарым-қатынасына көбірек көңіл бөледі.

Мысалы, Әрхам Абай есіміне байланысты осы күйге шейін елдің бәрі көңіл аудара бермейтін бір детальды айтады. Құнанбайдың Күнкедеп туған үлкен баласының аты — Құдайберді, Ұлжанның тұңғышы — Тәңірберді (Тәкежан аталған), ал Абайдың шын аты — Ибрагим — пайғамбар есімі. Одан кейінгі балалары Ысқақ, Халиолла есімдері де пайғамбарлар атынан алынған. Бәрі де діни ұғымнан туған. Мұның өзі Құнанбайдың мұсылмандық көзқарасының өзгеше болғандығын аңғартпай ма? Оның кейін қажыға барып, дін жолын берік ұстауы да жайдан жай емес сияқты.

«Құнанбайдың шешесі Зере ақ көңіл, аңқау, адал адам. Жаңа туған жас немересі Ибраһимге мейірі түсіп, іші елжіреп, тербетіп, уатып, өлеңдетіп,

Әлди-әлди Абайым,
Атқа тоқым жабайын
Тыста жүрген апасын
Қайдан іздеп табайын,—

дейді екен. Мұны естіген қатын-қалаш басында күліп, әзіл қылып, «бұл бала кәрі әжесінің Абайы ғой» десіп жүріп, өздері де айтуға қиын Ибраһимды қалдырып, «Абай» «Абайжан» деп атап-дырып кетеді».

Бұрын Абайды екі анаға (Ұлжан мен Айғызға) тел өскендіктен «Телқара» деп айтатыны жөнінде хабарымыз бар еді. Әрхам осыған қосымша «Қара шұнақ» деген атауы да болғанын әңгімелейді. Басы үлкен, құлағы кіші болғандықтан әкесі «Қара шұнақ» деп атап еді дейді. «Не күтсеңдер де, мына қара шұнақтан күтулеріңе болады» дейтін Құнанбайдан қалған сөзді келтіреді.

«Мен әкемді танығанда,— дейді Тұрағұл,— әкемнің жүзі ашық, ажары сыртыңда, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе, малай, малшы, қызметкер қатыннан да болса, бір тәуір мінезін, қызығын тауып, жақсы көріп, ойнап, қалжыңдап отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адаммен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы еді. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол уақытты өзіне абақтыдан кем көрмеуші еді. Сыпайылыққа салиха, әдептіленіп аяғының басқанын аңдап, аузынан шыққан сөзін санап отыратын адамға да, уақытқа да риза емес еді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетін адамды аңсап сағынып, ондай адамы келгенде, баласы я туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді».

Абайды тануға тұрарлық, бағалы детальдар. Ақ жарқын ашық, бүкпесіз сезім адамының ақынға тән мінездері көрінеді. Оның бір нәрсені қызықтап, көңілді отыруы, сондай адамдарды ұнатуы да сезімінің байлығын танытады. Әр адымын санап басқан адам сияқты емес, қызу жанды ақын мінезінің көріністері екені де даусыз. Тез ашуланып, тез басылатын мінезін де Тұрағұл ашу мен махаббатты қатар ұстаған ақындық сезіммен байланыстырады. Ақынның сырттан келгеннен адамның көрген бетте жұмысын сұрап, бітіріп, сонсоң барып өз жұмысына (не тоғызқұмалақ, дойбы ойнауға, не кітап оқуға) кірісетін де әдеті болған. «Егер келген кісі сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тынығын қалса, оған ыза болып, енді ол айтарлық кезегім келді деп жү-

мысын айтпақшы болғанда, «бағана сұрағанымда неге айтпадың» деп ұрсып, кейде сөзін тыңдамай да қояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге риза болып қалады»,— дейді Тұрағұл. Бәрі де сезім адамына жарасымды мінездер.

Осыған ұқсас қызық бір детальды Көкбай естелігінен оқимыз. Абайдың Абылай туралы дастан жазу туралы тапсырмасын орындап келе жатып, ол ақынның бөгде сөзге, қимылға мұрша бермейтінін ойлап, жолшыбай өлеңін қайта-қайта еске түсіріп жаттайды. Есіктеп кіріп келгенде: «Абылай келді ме?» деп сұраған Абай басқа сөзге келместен «Айт!»— дейді. Көкбай бір тізелей отыра беріп айта жөнеледі. Айта отырып, киімін шешініп, жайғасады. Әуелі шешініп, елмен бірге шай ішіп, сонсоң айтуға Абай ашуынан жасқанады.

Тұрағұл әкесінің өлең жазу кезіндегі мінезін: «бір құсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ ептіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырап, естір-естіместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіресіп кеп, жазып кеп кеткенде, көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды»— деп суреттейді. Сонымен бірге Тұрағұл естеліктерінде Абай өлеңдерінің жазылу жағдайлары жайында бірқатар қызықты деректер келтіріледі.

Көкбай нақты «Жаз» атты өлеңінің жазылу жағдайларына тоқтайды. Оның айтуы бойынша, өлеңде суреттелетін шындық бақанас озені бойына қонып жатқан Абай ауылының өз өмірінен алынған. «Астындағы аты — Абайдың Әбдрахметтен алған аяңшыл күрең тобел аты. Айғайшы шал — сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер — өзінің балалары Ақылбай, Әбдрахман болатын»,— дейді Көкбай. «Өзі жазған сөзіне ең алғаш рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол»;— дейді тағы да ол. Осыдан бастап, ақын бұрын Көкбай атынан шығарып келген өлеңдеріне өзі пелік ете бастайды. «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын» деген белгілі сөз сол 1980 жылдың жазында айтылыпты. Осыдан бастап Абай шығармашылық қызметке ықласпен бірыңғай берілген. Өлеңді қыста және жазға салым көбірек жазған.

Көкбай — Абай қысында көп жүрген, оның шығармашылық

қызметінің куәсі болған адам. Сондықтан оның Абайдың ақындық өнері, көз-қарасы туралы пікірлері аса бағалы. Ол Абайдың ақындықты «қуат, табиғат сиы, құдай сиы» деп бағалағанын, «Ақындық шабыт шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам — жай, жабайы адам болмайды» деген сөздерін келтіреді. Абайдың өлең-жырды, басқа нәрселерге көңіл аудармай, ұқыпты, үлкен ықласпен тыңдайтышы, тыңдап болған соң соның мағнасы мен жөнін ұғындырып сын айтатыны жайлы әңгімелейді.

Абайдың осы мінезін Тұрағұл да еске алады. Ол әкесінің түнде, жатарда ертегі айтуға, біреуге айтқызып тыңдауға құмарлығын айтады. Біреудің айтқанын бұрын естімеген адамша құмарта тыңдап, артынан жаңсақ жерлері болса, түзетіп айтып берген. «Қазақтың ертегісінеп, — дейді екен Абай, — бұрын қай жерлерде жүргенін, қоршілесі, күндес елдері — кімдер екенін, қарекеті не екенін, елдің арманы, білімнің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді». Парсы ертегілері, «Мың бір түнді» Шыңғыс аймағына алғаш таныстырған да Абай болған. Кейін ел орыс, европа романдарының уақиғаларын тыңдаумен әуестеніп кеткен, Абай өзі оқыған романдарды маңындағы адамдарға, әсіресе Баймағанбетке әңгімелеп айтып берген. «Баймағанбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады, — дейді Көкбай, — ішіндегі Европаша аттарды да қайта сұрамайды. Содан кейін бірнеше күндер өткенде, өзі айтып берген ертекттерін Баймағанбетке қайта айтқызады да, еш нәрсеге алаңдамастан, бөлінбестен қайтадан түгел тыңдап шығады».

Абай жайлы естеліктердің көбінде кездесетін бір әңгіме — оның алғыр құсқа, жүйрік тазыға, жақсы атқа, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарға құмарлығы. Абай аңшылықты, ойыншылықты үлкен өнер деп бағалағанға ұқсайды. Оларға ел ортасында аз да болса халық көңілін сергітетін сауық ретінде қараған. Дойбы мен тоғыз құмалақтың ірі ойыншыларын алдырып, бірнеше күн бойы өзі де қатысып ойнап, кейін бәріне де сый-сыяпат жасап, шығарып салған. Ал, «аңшылық қылу, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап өнерді қызықтау сияқтының барлығын өзі де

корді, бала, інілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдеттері маңайының барлығына үлгі боп жайылды» — дейді Көкбай.

Тұрағұл ел ішінде танылған жүйрік атты, қыран құсты сұратып не саттырып алдырып, кейін соны болымсыз жағдайда біреуге бере салатын мінезін еске түсіреді. Мұндай әдет інісі Оспанда да болған. Сондай мінез біздің елге жұғып, ел бірінікін бірі алып сапырылысып жататын еді дейді. Ел ішінде бұған көзқарас әртүрлі болған: өзі де жүйрік мініп, алғыр құс ұстағысы келгендер Абай сұратқанда не беріп жібере алмай, не бермей қоя алмай қиналған. Абайдың осы мінезіне тоқтау берген бір фактыны Әрхам келтіреді: «Әнет Өрімбек дегеннің қатыны жаяу бәйгеге қосылып, жарысқан қатындардан озып келсе, қолынан жетектеп алып, үйіне апарып кіргізіп, есігін сыртынан басып отырып алыпты. Озған бәйгесін әкеп берген жігітті боқтап қуып жіберіпті. Отырған ақсақалдар Өрімбекті шақырып алып, «бұның не?» деп сұраса, Өрімбек:

— Менің әйелім — жүйрік, тұлға-сүйегі келісімді, бәйгеден келіпті дегенді Абай пен Оспан естісе, «көреміз, алып келсін» — дейді, оған апармауға болмайды. Егер оларға ұнаса, «бұл жүйрікті маған бер» деп алады да қояды. Талайдың жүйрігін, қыранын алып қойғанын көріп жүрміз. Жүйрік болады екен деп, әйелімді алып қоюы мүмкін. Екі ортада әйелімнен айрылып қалар жайым жоқ, — депті.

Біреуден біреу естіп, Абайға жетсе, Абай аз ойлап отырып,

— Мынау Өрімбек бізге шын дос екен. Біз асқан екенбіз. Жүйрік ат пен қыран құс бізде болу керек деп, өзге жұрттан сұрап алып, оны тағы біреуге беріп жіберу біздің әдетіміз болған ғой. Мен мойындадым. Бұдан былай елдің жүйрігін, қыранын алмаймын, біреуге әпермеймін. Оспанға барып айтындар. О да мұнан былай бұндай істен тылсын, — депті».

Бұл эпизод Абайдың ел сынына құлақ аса білетінінің, өзіне, айналасына сын көзімен қарай алғандығының да бір белгісі сияқты. Осы оқиғадан кейін ақын, шынында да, мұндай әдеттен тылған деседі.

Естеліктердің көпшілігінде Абайдың әділдігі, гуманистігі, адалдығы, сөзге тұрақтылығы ерекше атап өтіледі. Билікте де ол мейлінше адал, турашыл болған. Сондықтан да елдің көбі Абай билі-

гіне жүтінген. Әсіресе, ел ішінде опымен ұстасып, жауласып жүрген адамдарының өздері үлкен дау шарлар кезінде Абайдан билік айтуды сұраған. «Өзіміз көріп, естіп жүрген заманда, жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болады деп білмейміз»,— дейді Қокбай.

Ақышның бітімшілдігі, жауласуға жоқ гуманистігі оның Оразбаймен арасындағы дау шардың аяқталуынан да анық көрінеді. Абайға қол көтергені үшін Оразбайдан кек аламыз деушілерді тоқтатып, ол істің аяғын жұмсартуға себеп болады. Кейін меккеге жүрерде Оразбай татулық сұрап кісі салғанда, оған ризалығын берді. «Қырық жыл елдік, Қырық жыл жаулық болмайды деген, енді жаулықты ұмыталық, мен жаулық қылады екен деменіздер,— деп шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жіберіп еді, олар да бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты. Содан төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында менің әкем дүниеден қайтып, артында мен қалғанда, әкемнің сыйлай, шын достығын көрсеткен елде тек осы Оразбай болды»,— дейді Тұрағұл.

Ел адамдарынан қалған естеліктерде Абайдың қайырымдылығы, мол қолдығы, жастарға үлгілі тәрбиеші бола білгендігі, қарапайым адамдармен достығы жайлы көп айтылады. Ол кедейлер мен жалшы, қызметшілерге тең адам ретінде қараған, олардың хұқын қорғаған. Мысалы: Дәулетияр естелігінде ақынның Қокше деген жалшысына жасаған қамқорлығы жайында айтылса, Стамбек жұрт ішін жатқан қымызды оған ұсынбаған Дүтпайдың әділетсіздігін Абайдың мінегепін еске алады. Қарапайым адамдарға ақын, көбінесе, еңбек етуді, мал құраудың жолын үйренуді ұсынған. «Ақыл дәулетке бітпейді, ақылға дәулет бітеді,— депті Абай Дәулетиярға.— Ақылды орнымен жұмсап, бақыт, дәулет табу — әр бір адамның жігер, талап, қайраттылығына, еңбек өнеріне байланысты». Стамбекке ол: «Кедейліктен еңбек қылсаң құтыласың, жалғыздықтан көшпен пікіріңді қоссаң құтыласың»— деген.

Абай — ұрлыққа қарсы қатты күрескен адам. Өзі билік ұстаған кездерінде де ұрыларды жазалап, ұрлықты тыюға көп күш жұмсаған. Кедей, еңбек адамдарын ұрлық істеуден құтқарып, тәрбиелеуге зер салған. «Менің әкемнің ұрыдан алатын парасы — шын сөзі еді»,— дейді Тұрағұл. Ол ұрыға шынын айтқыза отырып, одан

бұл жаман әдеттен тиылуын сұраған. Абай ақылымен ұрлығын қойып, еңбек етіп кеткен адамдар да кезінде көп болған.

Уәсила естелігінде Абайдың Қорамжанмен болған осындай бір әңгімесі келтіріледі:

— Сенен бір нәрсе сұрайып деп шақырдым, бересің бе?,— деді.

Абыржып қалған Қорамжан: «алыңыз, алаңыз»— дей берді. Жалғыз атынан басқа түгі жоқ Қорамжаннан не сұрайды екен деп, басқалар да таңырқағандай болды. Әкем Қорамжаннан көзін айырмай қарап отырды да:

— Маған ұрлығыңды берші,— деді.

Қорамжан томен қарап кетті де,

— Жоқшылықтан ғой, Абай аға, енді қояйын, аштан өліп, көштен қалмаспын,— деді.

— О шіркін, осы елде сенен басқа кедей жоқ па, сол кедейлердің бәрі бірдей ұры ма? Онан да бала күнімнен алған тәрбием, үлгім еді десеңші! Қазір осы ауылдан 3—4 түйе ал да, үйіңді көшіріп кел. Ұрлыққа қош айтысып кел!— дейді».

Сойтіп Абай Қорамжанды өз аулына көшіріп алып, еңбекке, адалдыққа тәрбиелеген. Оның Қатпа деген баласының басындаағы жарасын емдетіп, оқу оқытқан. Олар да кейін Абай жайында жақсы сөздер қалдырған. Болыс кезінде қарасақалдың ұрлығын қойғызып, атшабар етіп пайдалануы (Хасен естелігінен), Қанай аулының малын Дүйсеппайдан өндіруі (Дәулетияр естелігінен) сияқты фактылар да Абайдың адалдық үшін күресін айғақтайды. Ол өзі тұтас белді адамдардан да, ағайындарын да ұрлықтан тыюын сұраған. Стамбек естелігінде Абайдың қажыға бармақ болған Байбосынға айтқан бір сөзі келтіріледі:

— Сенің қажыға барғандағы мақсатың не? Соны айтшы! Бірінші, сен «Қажымын» деп біреудің төріне шығып отырғың келеді. Екінші, күнәдан құтылғың келеді... Сенің туысқандарың, Мырзахан — бәрі ұрлық қылады. Олар сенің атыңды мініп, малыңа ұрлықтың малын қосып жатады. Өзің ойлашы, ұрлық пен қажылық бір жерге сыя ма?.. Менің тілімді алсаң, үйіңе барып, бір бие мен он шақты қой сойып, барлық Мырза баласын жинап ал да, ұрлықтарын қоюын сұра. Малсыз нашарларына сауын мен көлік бер. Қызметке жарайтындарына Мұқыр өзенінен арық қаздырып,

егін салдыр, характерке баулы. Сонда төрге де отырасың, күнәдан да пәк боласың. Ол еткен ісіңнің сауабы қажыға он рет барғаннан артық».

Осы сөзден Абайдың адамды адал еңбекке баулу мен жаман, жалған әдеттерден арылту үшін жүргізген тұрақты жұмысын тануға болады. Жалпы ол дінді жаман іске жамылғы қылмай, имандылықтың жолы деп түсінген. Дін қағидаларына көзсіз сене бермей, оны ақылмен байыптауға шақырған. Ескішілдіктің жолын ұстамаған. Ескі әдет-салт, ғұрыптардың бәрін ақылға салып, оның тәлімдік жағына көңіл аударған. Жаңа түскен келіні Камалияға: «Қарағым, Қамаш, ата-енені сыйлау, үлкенді қадірлеу — бетін жауып, ұялып, тізе бүгіп, сәлем етіп, жан біткеннен жасқаншақ болудан басталмайды» деген. Бетін аштырып, үйде еркін жүруге, өздерін ата-ене деп емес, ата-ана деп сыйлауға үйреткен.

Абайдың қазақ қыздарының адамдық хұқын қорғауына, теңіне қосылуына көмектескені жайлы мәліметтер бұрын да белгілі. Естеліктер де осы тұрғыдағы деректерді толықтыра түседі. Камалия Мәтібала деген жесір әйелдің баласын бағып отырамын дегеніне көнбей, жесірлікке алмақ болғандарды Абайдың тоқтатқанын, осы жолмен Ақбордақ тағдырына араласқанын жазады. Әрхам естелігінде Абайдың Шөкей, Зағипа деген қыздардың теңіне қосылуына көмектескені сөз болады. Ол Нүрке қызы мен Айтқазыға, Бәтиқа мен Мұқаға да пана болады. Осылардың бәрі оп-оңай іске аса салмаған. Әділдік туын ұстаған ақынның ескішілдікпен, оны жақтаған феодалдық беделді күшпен жан алысып, жан беріскен күресінің нәтижесі. Абайды, сондықтан да, жастар үлкен қамқор санаған. Оның даналық ақылын, елдің арасын ашу үшін емес, біріктіру жолындағы қызметін түсінген адамдар ақынмен достығын үзбеген. Әрхам естелігінде келтіретін Нүркенің Абаймен достығы осыны байқатады.

Естеліктерде Абай заманы, сол кездегі ел ішіндегі даушарлардың жағдайы, оның Абайға әсері, Абайдың араласуы жайлы мәліметтерді қосымша түсіндіретін деректер де аз емес. Олар бұрын белгісіз жайларды анықтауға, соның жай-жапсарын түсінуге көмектеседі. Төлеу Көбдіков естеліктерінен Абай мен Қаратай арасындағы сөзбен қақтығысулардың негізгі шындығын көрсек, Әрхам

естелігінде Құнанбай — Бөжей (кейін Абай араласқан) арасындағы кикілжіңнің түп тамыры Майбасардың бассыздығынан басталғанын түсінеміз. Мұнда сонымен бірге сөзіне тұрақты, бір беткей мінезді Бөжейдің табанды бейнесі де танылады.

Абайдың ағартушылық қызметі, ғылым-өнер ісіне ерекше мән бергені де өз замандастары әңгімесінің негізгі өзегі болып табылады. Өзі әке еркімен ел жұмысына ерте араласып, оқудан үзіліп қалғанына өкінген Абай кейінгі інілерін, балаларын орысша оқытуға күш салған. Әрхам осы тақырыпқа Абайдың әкесімен сөйлесуін келтіреді, інісі Халиолланы Омбыға оқуға орналастыруының жайып суреттейді.

Жалпы болашаққа деген сенім Абайдың қоғамдық көзқарасын белгілеген. Мырзаханға айтқан бір әңгімесінде ол: «Адам баласына жансызға жан салуға рұқсат жоқ, одан басқаның бәрінің де кілті бар. Өнер — білімнің кілтін жаңа-жаңа тауып келе жатыр. Әлі балықша суда жүзіп жүргенін де коресіндер. Құс болып қанат қағып, аспанда ұшып жүргенін де коресіндер және дүние мұнымен тұрмайды, өзгеріс болады» депті.

Мұнда да ақынның келешекке деген сенімі жатыр.

Абай туралы естеліктердің қозғайтын мәселелері көп. Оларда ақын өмірі, көзқарасы жайы ғана емес, сол кездің әлеуметтік өмірінен көп мәліметтер беріледі. Абайдың тегіне, Құнанбай ұрпағының тарихына, олардың мекені, орналасуы, қонысы, үй-жайлары жайлы қосымша деректере де мол. Абай мұрасының тағдыры жайлы керек мәлімет береді. Оның айтуынша, Абайдан қалған көп қағаз, шәкірттерінің шығармалары, Мүрсент көшірген қолжазбалар Кәкітай қолында сақталған. Оның ішінде 24 жыл Абайдың қасында болып, ол жайлы көп білген Кәкітайдың ақын туралы жазған өз еңбегі де болған. Осының бәріп Кәкітай кенет қайтыс болғаннан кейінгі аласапыран жылдары қашқан ақ әскерлері түгелдей өртеп жіберген. Абайдың тұңғыш жинағын дайындап, оның мұрасының жарық көруіне көп күш жұмсаған Кәкітай қолында мұндай мол материал болуы да шындыққа келеді.

Жиналып келгенде, осылардың бәрі Абай өмірбаяны, творчестволық жолы, қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы жайлы бар мәліметтерге тың деректер қосатын ақын туралы сөздің жалғасы

сияқты көрінеді. Олардың ел ішіндегі әңгімелермен әлі де толыса түсетіні даусыз.

Ұсынылып отырған жинақ осы жүйеде қалып оқырманның ұлы ақын туралы түсінігін толықтыруда пайдалы еңбек болады деп сенеміз. Бұған, жоғарыда айтылғандай, естеліктерден басқа Абайға қатысты ел аузындағы әңгімелер де кірді. Көбі шағын, бір эпизодтық аңыз болса да, олардың негізінде тарихи дерек жатқаны да даусыз. Жинақ жөніндегі пікірлермен кейін қосуға болатын мәліметтер жіберген адамдарға алдын ала рахмет айтамыз.

СЕРІК ҚИРАБАЕВ



I — БӨЛІМ

ЕСТЕЛІКТЕР

Тұрағұл Ибрагимов
(Абайұлы)

ӘКЕМ АБАЙ Т УРАЛЫ

Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа менің әкемнің жалпы әдетті мінезін, салтын көрсетуге, замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, я қуанған, я ашуланғанын жазбағы қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көрген-білгенін қағазға түсіре білері аз болған соң, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұрпын баласы жазбағы, менің білуімше, солақай секілді.

Мен бұрын мұндай сөзді жазып, я жазған адамның кітабын оқып, танысқан адам емес едім. Бір күнгі, бір жердегі көргенімді есіме алып жазғаныммен, сұраушы азаматтың көңіліндегі арманын ақтай алғандай емеспін. Сондықтан әкемнің өзімнің білген қадірімше жалпы мінезін алыстан алып, кең толғап жазғым келеді. Бұл сөзді керек қылған азамат мол бұлдан керегін пішіп қорытып алар.

Мен әкемнің кіші жамағатынан туған тұңғыш баласымын. Әкем кіші жамағат алғанда, бастапқы бәйбішесі өзінен 2—3 жас үлкен еді, ұлғайған кезімде өзімді күтуге қолайсыз болады деген шығар. Екінші, жалпы қолы жеткен,

әлі келген адамға екі қатын алмақ рұрып сықылданғандықтан да шығар.

Мен әкемнің 32 жасында, жастықтың алғашқы арыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғанмын. Мен әкемді танығанда, жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай, салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малшы, қызметкер қатынның да болса, бір тәуір мінезін, қылығын тауып, жақсы көріп, ойнап-қалжыңдап отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы еді. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол уақытты өзіне абақтыдан кем көрмейтін. Сыпайылыққа, салиха әдептіленіп, аяғының басқанын аңдып, аузынан шыққан сөзін санап отыртұғын адамға да, уақытқа да риза емес. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетұғын адамды аңсап, сағынып, ондай адамы келгенде, баласы я туған бауыры келген кісідей қуанып қалатын.

Ұйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте тұру-әдеті. Төсегінің алдына қалың постел төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, көйлекшең, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отырушы еді, қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Бірақ, ол қантты көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, бір ғана бауырсақпен іше қоймаушы еді. Шайын стақанға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салатын.

Қазақ ойнайтын ойындар: дойбы, карта сықылды ойындардың бәріне де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сөйтсе де мен білген кезде салынып, қызықтап ойнайтын ойыны тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдағы тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып ойнап

қайтатұғын. Сондай ойыншы шалдарының дәулеті нашарлары кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып, я атқа мініп қайтқаны да болды. Көбінесе ол шалдары қысты күні келіп, жатқышы: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Қойбердісі, Мақыштың Ысмағұлы дегендер секілді.

Таңертеңгі шайды ішкен соң, құмалақ басталып, менің әкем көйлекшең күйінде, басында тақиясы, бауырына ақ жастығын басып, құмалағын ойнап жатады. Күндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді, құмалақтан кезек тимегендер, я ойнай білмейтіні, балалар өз алдына дойбы, я картаның дүкенін ашады. Құмалақтан әкемді жеңген адам көргенім жоқ.

Біздің қазақтың уақытқа байлығынан бір әдеті — бір жерге жұмыспен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай, не қонып, не түстеніп, енді аттанарында ғана айтады. Менің әкем елдің бұл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сый адам болмаса, ел арасының адамынан келген жұмысын сұрап, бітіріп, енді отыра бер деп, өзі алаңсыз ойынына, я кітабына кірісіп кетуші еді. Егер келген кісі, сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тығынып қалса, оған ыза болып, енді ол айтарлық кезегім келді деп жұмысын айтпақшы болғанда, бағана сұрағанымда неге айтпадың деп ұрсып, кейде сөзін тыңдамай да қояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге ырза болып қалады. Біздің елдің адамы бұл мінезіне үйренгендігінен неғып жүрсің деп сұраған жерден келген жұмысын айтатын болды.

Шаруа жағына көзінің қырын сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді, жақсы қонысты таңдап қону, жақсы малшыны іздеп тауып, ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер өтіп кеткені бар ма — соны ғана қараушы еді. Жақсы ат иә айғыр сықылды жылқысы болмаса жалпы жылқысын танымайды, қой мен түйені де сеніп салған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, әйтпесе, өзі мынау менің түйем, қойым деп бірін де танымайды, сиыр-

ды жиған кісі емес, сныр қар теппейді, жаз болса, үйдің маңайын былғайды деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимаушы еді.

Қалаға барғанда, үйіне керек-жарағын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына ие қылып қойған жолдасы алып сатады. Ақшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Ақшасы аз болса да, көп болса да атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, қайда ұстадың деп есеп алу жоқ, қайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, қолынан малын сойғызып жеуші еді. Бір жолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызса, сатып алған алыпсатар Мәмбет баласы деген жігіт мақтанып: сіздің кешегі бір жылқыңыздың терісінен үш теңге пайда қылдым деп, сонда әкем айтып еді деп өзі айтып келген еді: «Мен саудагер кісі емеспін, мені ұялмаған арсыздың бәрі жейді» деп, мен бірдеңе айтайын деп едім. Айтқазы Жексенбай баласы отыр еді, «тек» деп ымдаған соң, үндемей ұялып қалдым» деп.

Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, я өзі айтып отырғыш әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса айтып береді. Қазақ ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар, қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілесі, күндес елдері кім екені, қаракеті не екені, елдің арманы, білімнің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді деуші еді. Жас кезінде нарсы жұртының ертегілерін, «Иамшіт», «Қаһарман» сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түн» кітабын оқып, алғаш біздің елді «Мың бір түнмен» таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әңгіме кітаптарды оқып, елді таныстырды, біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, орыс романдарына әуестөніп кетті.

Жалпы ғадетінде: ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіңкіреп

отыратын. Бірақ, құдайдың өзіне мол берген өткір сезімнің арқасында, айтпасақ та, не ойлап, разы, яки, наразы болып жүргенімізді бұл еткізбей сезіп қоюшы еді.

Көңіліне билеткіштігі сондайлық, жас баланы әлпештеп шақырғанда ұмтылып келсе, қатты қуанып, қаны тартып, білім тұр деуші еді, егер келмей, жатырқап қалса, өкпелеп, ашуланып қалатын. Мысалы, біздің үйіміз бөлек ауыл болған соң, әкеміз көбінесе қала-далада болып, үйде болғанда мол дәулеттегі бай бәйбішесінікіндегі топта болып біздің үйге сирегірек келгендігінен Мекайл деген менің інім, бір келгенінде тосаңсып, шақырғанына бармаса, көтін жаңа басып отырған жас баланың үстіне су құйып ұрып еді.

Менің балам Жәбрейілді әкемнің өлеріндегі науқасы басталғанында, шешем алып барып еді, әкем шақырды, туғалы көргені сол, жас бала шақырғанда лапылдап ұмтылып еді:— қаны тартып, жүрегі сезіп тұр деп қатты рехаттанып қалды. Мен:— жоқ, аға, нені біліп отыр дейсіз, әншейін ақымақтығынан ұмтылады ғой деп едім, «сен білмейсің» деп мені тыып тастап, аузындағы шайнаған өрігінің етін баланың аузына салды.

Менің өзімнің де бес ауыз сөзді болса да білгеніме әкемнің осындай алыстан үміт қып қуанатұғын көңілі себеп болды, өйтпесе мұнан да әрі шірік болып қалғандай едім. 1889 жылы, менің 14 жасымда үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды, Найман, Серікбай баласы Құдайбергенге ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде, әкем мен екеуіміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскен жылы екен. Артынан абайлап қарасам, әкемнің әмсе үйде отырғандағы киіп отыратұғын баяғы көйлек, штаны, басында тақиясы, оның сыртынан тысқа шыққанда кие салатын жап өтер ақ елтіріден істелген, көк сатиннен тыстаған көк бөркі. Анда-санда еті салқындаса жамылатұғын сары тоны бар. Таңертеңнен кешке шейін көбінесе орыстың кітабын оқиды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы,

қолында қарындашы, күңіреніп отырып өлең жазып тастайды, сол өлең жазардағы түрі. Бір мұсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ өнтіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасураңқырайды, естір-естіместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіреп кеп, жазып кеп кеткенде көп тоқталып, ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды.

Бір Алдоңғар деген ұрыны, ұрлығыңды қой деп қасына көшіртіп алып, теңіне қосамын деп, әлгінің бір Меңке деген әйел баласын асырап алған. Сол бала шайып құйып береді. Әлгі әйел балаға оңашада үйретіп қояды: «Мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп келіп, солай ма, Меңке, дермін, сонда сен «солай де», — деп.

Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар келіп қонақ болғанда, қазақтың ойында жоқ, ғылымның үлгілі сөздерін сөйлеп-сөйлеп келіп: «Солай ма, Меңке» десе, Меңке «солай» дейді, сонда әлгі қонақтар, япырай, мына баланың ұғып отырғанын қарашы, — деп таңырқап қалысады, кейде сөйлеп болған соң, осы сөзімнің жалғанын тапсаңыздар, көк бөркімді берейін дейді, онысы қонақтың қытығын тарқататұғын ойыны.

Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап отырсам керек, менің соныма-ақ қатты қуанып, ырза болып, жолаушылар келгенде соларға мені: мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады деп мақтады.

Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылы бастығымыз Шәкәрім қажы болып, ақиқат олай емес, былай деп таласып жататын санды шәкірттің қатарында болдым.

Жасында ашу мен махаббаты қатар қолданғандығынан, қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса, ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді. Қай адам екі қатыным күндес-